

S.A.Tagirova¹, G.S.Davletkulova G.Sh¹

Bashkir State Pedagogical University named after M.Akmulla, Ufa, 450000, Russian Federation

The article examines the methodological aspects of teaching listening in the lessons of the Bashkir language as the state language. The authors of the article consider a number of basic methodological aspects of teaching listening to younger schoolchildren and their practical application on the basis of the educational and methodological complex on the Bashkir language developed by him.

Keywords: teaching the Bashkir language, multicultural linguistic personality, listening, multilingual gymnasium.

МҒТАР 14.14.01

Д.К. Кажобаева¹, Г.К. Кажобаева²

¹филология магистрі, Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы. Email:dinara18.08.77

²ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0000-0002-1177-5421> Email: guldenkgk@mail.ru

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ

Мақалада Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі құндылықтар көрінісі, өміршеңдік сыры, заманауи балалардың тәлім-тәрбиесіндегі орны, маңызын жоймау қырлары қарастырылды. Ұлы ағартушының шығармашылық болмысы жөнінде ой қорыта отырып, шығармаларындағы ұлттық мұрат, еңбек, білім, руханият құндылықтар сөз болды. Ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығы ұлы ағартушы шығармашылығымен сабақтасып жатқандығы сөз болды. Өлеңдері, әңгімелерінің заманауи мәні қарастырылды. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің жас ұрпақтың тәрбиесіне сапалы жол ашатындығы талданды. Жазушы бала санасына, танымына ықпал етерлік мәні зор еңбектерді мәңгілік, өміршең мұра етіп қалдырғандығы дәйектелді. Жазушының еңбектеріндегі құндылықтарды жаңа технологиямен оқытудың жолдары көрсетілді.

Кілт сөздер: тұлға, құндылық, ұлттық мұрат, оқыту технологиясы

КІРІСПЕ

Қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз Ыбырай Алтынсарин жөнінде ғылымда әлі зерттеулер жасалып, мұрасын, тұлғасын тану жолында ғылыми ізденістер жалғасуда.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған тұлға. Бала тәрбиесінде, білім алу жолында, кәсіпке баулу ісінде өз ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынды. Қазақтың болашағына асқан зор үмітпен қарады. Ыбырай әрбір ауылда мектептердің болуын қалады және соған қол жеткізе алды. Қазақ қоғамының сауатын ашу тек бастауыш деңгейінде қалып қоймау керектігін алға шығарды. Ы.Алтынсариннің ағартушылығы тек педагогика мен психологияға ғана емес, тіл, әдебиет, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих саласына, барлық ғылым саласына ортақ зерттеу нысанына айналды.

Мұның өзі Ы.Алтынсариннің білім-ғылым, еңбек, ақыл-ой мәдениеті жөнінде ойларының өміршендігін, заманауи құндылығының зор екендігін дәлелдей түспек.

ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада негізгі әдіс ретінде талдау, са-ралау, жинақтау және жаңа инновациялық технологияларды қолдану әдіс-тәсілдері қолданылды. Мақаланың талдау материалдарына мектеп бағдарламасына кірген және бағдарламадан тыс оқытылуға ұсынылатын әңгімелер алынды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тарихында педагогикалық ой-пікірдің негізін тұңғыш қалаушы. Қазақ даласына бұрын-соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашушы, ұйымдастырушы. Сауат ашып, білім берудің негізін қалаушы. Дидактикалық оқыту ұстанымдары мен балаларды тәрбиелеуге арналған әдістемелік нұсқаулықтарды алғаш рет ғылыми негіздеуші, яғни Ұлттық білім беру жүйесін алғаш қалыптастырушы ғалым.

Ағарту ісін, бастауыш және кәсіби мектептерді ұйымдастырушы, әсіресе қыз балалардың білім алуын алғаш рет жолға қоюшы демократ-педагог.

Адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтеріп, оны шешу жолдарын іздестірген педагог-ғалым.

Оқулықтың, оқу құралдарының алғашқы авторы және алғашқы құрастырушы, оқулық жазу мәдениетін, оқулық жазу технологиясын тұңғыш негізін салушы. Өз заманында тек қазақ елінде ғана емес, жалпы Орта Азия елдеріне үлгі боларлық оқу құралдарының авторы.

Жазба балалар әдебиетінің алғаш ғылыми негізін қалаушы.

Қазақ даласына мәдениеттің жаңа үлгілерін алғаш таратушы.

Мектепте діни білімді ғылыми-жаратылыстану саласымен тұңғыш ұштастырушы педагог-ғалым.

Ыбырай салған ағартушылық жол, ағартушылық мектеп – Алаш зиялыларын, қазақтың көптеген көрнекті тұлғаларын қалыптастырған мектеп.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласында мектеп ашуы, білім мен мәдениет гармониясын үйлестіруі басты жаңалығы дер едік.

Қазіргі кезеңде айтылып, қолданып жатқан заманауи білім беру, кәсіпке баулып, даярлау, жаңа технологияларды пайдалану, инновациялық технологияны дамыту, интеллектуалды маман дайындау, білім берудегі ынтымастық, ізгілендіру идеясын да сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсариннің білім, ғылым құндылығы туралы шығармалары мен еңбектеріндегі ой-тұжырымдарынан бастау алып қалыптасқан еді. Оған бір ғана дәлел келтірсек, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңін атасақ та болар.

Өнер - білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден,

Көзінді ашып - жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге,

Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды;

Мал істейтін жұмысты

От пен суға түсірді;

Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішірді.

Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай [1].

Бүгінде өзіміз куәсі болып отырған инновациялық технология, сандық технология даму көрінісін көрегендікпен атап кетті. Бұл күнде Ыбырайдың ғылыми болжамы, топшылауы шындыққа айналып, құндылығын жоймай, өрістей түсті.

Осы өлең жолындағы мына бір жолдарға назар аударсақ,
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай;
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай [1].

Ыбырай Алтынсариннің «Ат өнері білінбес Бәйгеге түсіп жарыспай» салыстыруынан-ақ, бүгінгі күні өзімізге таныс білімнің өлшем көздерінің, бағалау жолдарының бірі: ғылыми жобалар қорғауы, пәндік түрлі олимпиадалар, небір интеллектуалды байқаулармен ойы үндесіп жатыр емес пе?!

Жастарды еңбекке баулып, мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер ету күшін, оқушы бойындағы қабілетті еңбекпен, шығармашылықпен қалыптастырып, дамыту мәселесін алғаш рет іспен дәлелдеген Ыбырай Алтынсарин еді. Оған дәлел, 1880 жылы Ыбырай Алтынсариннің идеясымен Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға ағаш ұсталығын, ал қыз балаларға киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер және ауылшаруашылық мектептері ашылуы болса, алғаш рет кәсіби білім беру мазмұны Ыбырай ісінен бастау алып, осы игі іс күні бүгінге дейін заманауи мәнін жойған емес, керісінше, сұранысқа ие болды.

Оқу, білімді насихаттау жолында кітапхананың маңызы жөнінде де алғаш ой айтып, білім жетілдіру мәселесін де алғаш көтерген Ыбырай Алтынсарин болатын. Қазіргі білім жетілдіру курс мәселесін тұңғыш рет мәселе етіп көтерген де Ыбырай Алтынсарин болып отыр. Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушыларға, оқушыларға арналған кітапханалар ашу үшін ақша қаражат жинап, ұмтылыс жасауы да, 2-3 кластық халық мектебін бітіріп, қырда жүрген жалпы сауатты адамдар өз білімдерін жалғастыру үшін, білімдерін өз бетімен көтере берулері үшін кітапхананың маңызы зор екенін айтуы да Ильминскийге жазған хаттарынан көреміз.

Ы.Алтынсариннің білім-ғылым туралы ойлары ұлттық мұрат, ұлттық мүддемен орайласып жатыр. 1879 шыққан «Қазақ хрестоматиясы» кітабының алғы сөзінде: «...бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой- пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [2]- деп жазды, міне, осы ойлары қазақ біліміне, ғылымына деген шын жанашыр көзқарасын айғақтап, ұлттық мұратын танытып отыр. Бұл ойлары әлі де маңызы зор демекпін, Тәуелсіз елдің болашағы жарқын, баянды болу үшін Ыбырайдың осы бір тұжырымды ойына назар аудару қажет. Ұлт болашағы, тағдыры үшін «қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық», «біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды» деген сөздері дәл бүгінгі заманға айтылғандай.

Д.Ж.Кемелхан, Жарилкапова А. Б. «Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі рухани құндылықтар» атты мақалада: «Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мәнмағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз – өмір көркі, Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені депкелер ұрпаққа тәрбие беріп, адал

ниет, ақтілек білдіріп отырған. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім беру мен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады» [3] деп ұлы ағартушы шыңармашылығының рухани құндылықтарының маңызын, мәнін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин «Әке мен бала», «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Әдеп», «Бір уыс мақта», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Білгеннің пайдасы», «Алтын шеттеуік», «Жаман жолдас», «Тәкаппарлық», «Өтіріктің залалы», «Ақымақ дос», «Аурудан - аяған күштірек», «Жомарт», «Мұжық пен жасауыл», «Салақтық», «Сарандық пен жинақтылық», «Жан-жануарлардың таласқаны», «Сауысқан мен қарға», «Тышқанның өсиеті», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі», «Полкан деген ит», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» шағын әңгімелері арқылы еңбек, оқу-білім құндылығын дәріптейді, ізгілікке шақырады.

«Асыл шөп» атты әңгімеде Зылиха мен Бәтима деген екі кейіпкердің ауыр жәшіктерді көтеріп келе жатқан кездегі диалогы келтірген. Бәтиманың жәшігінің жеңілдігіне қызыққан Зылихаға қысқа жауап қайырумен әңгіменің мәні ашылады. Яғни жәшікке асыл шөп салғандығын, ол шөптің сабыр деп аталадығын айтады. Осы диалог арқылы Ыбырай Алтынсарин оқырман қауымға сабырлықты асыл шөпке балап, қашанда сабыр етудің ең абзал іс екендігін көрсетеді. Ыбырай әңгімелерінің өзектілігі сол ол біздің заманымызға дейін құнды болды, қазіргі кезде де өміршендік мәнін жойған емес, сондықтан еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін оқуы тиіс.

«Дүние қалай етсең табылады?» деген әңгімеде француз жұртында болған оқиға баяндала отырып, Ыбырай Алтынсарин осы әңгімесінде зиялы, білімді адам мен Антон арасындағы диалог, диалогтың Антонның ары қарайғы ғұмырына әсері баяндалады. Яғни, білімді адамның сөзі арқылы Антон өз өмірін өзгертіп, еріншектігі мен немқұрайлығының әсерінен тіленшілікке түскендігін ұғынады. Ыбырай Алтынсарин білімді адамның сөзі арқылы Антонды ғана емес, барша оқырманды еңбекқорлыққа, білімділікке шақырады.

«Бақша ағаштары» атты әңгімеде әке мен баланың диалогы беріледі. Әңгіме барысында әкесі түзу мен қисық ағашты бала алдына салыстырып көрсете отыра, ағашты қалай күтсең, баланы да солай күту керектігін жеткізеді. Күтілмеген, қаралмаған ағаш қисық болып өсетіні тәрізді бала тәрбиесі де оған тиісті назары бөлінбесе нашар болатындығын түсіндіреді.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері заман ағысы қалай қарай бағыт алса да құндылығын жоғалтпайтын әңгімелер. Оның өміршендігін жоғалтпауының себебі: адамның қай заманда өмір сүргеніне қарамастан, жалпыға ортақ құндылықтар мен қасиеттердің дәріптеліп, білім, ғылым, еңбек, руханият құндылығын басты орынға қоя алғандығында деуге болады. Ыбырай Алтынсарин қандай адам, ұлт болмасын бәріне таныс, түсінікті дүниелерді шығармашылығына өзек еткен.

Ұлы ағартушы адамдыққа, адалдыққа, әділдікке, шын достыққа, қажырлы еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, елін сүюге үндеді. Жазушының қай әңгімесі болсын, бала кезінен бастап дұрыс тәлім- тәрбие беруге бағытталып, еңбектің қадірін ұғындырып, оқу, өнерге талпындыра отырып, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейді.

НӘТИЖЕЛЕР

Ыбырай Алтынсарин ұрпақтың танымы мен тәрбиесіне ықпал етерлік құндылықтарды өміршең мұра етіп қалдырды. Ұлы ағартушы шығармаларын еңбек құндылығына баулитын, мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелейтін, білім-ғылым қадірін ұғынуға жетелейтін әңгімелері деп бөлуге болады. Еңбек құндылығына баулитын әңгімелер («Әке мен бала», «Бір уыс мақта», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Білгеннің пайдасы», «Қыпшақ Сейткұл», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»), мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелейтін әңгімелер («Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шеттеуік», «Шеше мен бала», «Аурудан - аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Тышқанның өсиеті», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Жан-жануарлардың таласқаны», «Байұлы», «Әдеп», «Таза бұлақ», «Мұжық пен жасауыл», «Жомарт», «Салақтық», «Сараңдық пен жинақтылық», «Жаман жолдас», «Тәкаппарлық», «Өтіріктің залалы», «Ақымақ дос»), білім-ғылымға, оқуға, талапты болуға шақыратын Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік») әңгімелерінің заманауи танымдық-тәрбиелік мәні зор.

«Әке мен бала», «Бір уыс мақта», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Білгеннің пайдасы», «Қыпшақ Сейткұл», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» тәрізді әңгімелерінде еңбек қадір-қасиетін, құндылығын, адам өміріндегі маңызды орнын бейнелей келе, әңгімелері «еңбек түбі – береке» деген халқымыздың даналық ойымен сабақтасып жатыр. Жазушы шығармашылығында еңбек құндылығын балаларға ерекше насихаттай отырып, еңбектің қадір-қасиетін, оның адам өміріндегі мәнін жас ұрпақтың танымына, санасына жеткізуді мақсат етеді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесіндегі ата мен баланың диалогімен оқиғаны қызықты өрбіте келе, жаратылыста тіршілік иелерінің бәрінің бос жүрмей, еңбектеніп жүргендігіне баланың көңілін бөлдіреді. Әңгіме оқиғасы балаларға адам баласы үшін еңбектен асқан қадірлі де маңызды ештеңе жоқтығын, тіршіліктегі адам мен өзге де тіршілік иелерінің ұқсастығын, ол ұқсастық еңбектенуден көрінетіндігін түсіндіреді. Жазушы еңбек құндылығын ұғуға жетелеп отыр.

Білім-ғылымға, оқуға, талапты болуға шақыратын әңгімелер: «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік». Ыбырай Алтынсарин адам бойындағы қасиеттерді, білімнің, оқудың, талаптың пайдасын, адам өміріндегі мәнін әңгімелерінде айрықша суреттеген. Балаларды жастайынан қайырымды істерге, мейірімді де сабырлы мінезге баулуды мақсат тұтса, енді бір әңгімелерінде оқу, білім құндылығын алға шығарды.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің қай еңбектерін оқып, талдап қарасақ, өмірлік мәні зор, терең мағыналы үлгі-өнеге, ғибратқа толы. Ұрпақты бала жастан пайдалы іспен шұғылданып, кәсіп жасап, адал еңбектің етудің маңызын ұқтырып, өміршеңдікті сақтай отырып, танымдарына сыйғыза білген.

Бүгінгі таңда ұлы ағартушы, тұңғыш педагог-жазушының шығармашылығын оқытудың жаңа технологиясын қолдана отырып меңгерту маңызды мәселелердің біріне айналды. Инновациялық технология оқу мен үйре-нудің негізін ойлау мен рефлекцияға негізделген интербелсенді әдістер құрайды [4].

«Түймедақ», «Семантикалық карта», «Домино», «Балық қаңқасы», «Венн диаграммасы», «ПОПС формуласы», «Қос жазба күнделігі» т.б. [5]

Ы.Алтынсарин шығармашылығындағы құндылықтар көрінісін талдау барысында жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, шығарма талдауға ұсынылады.

✓ Ы.Алтынсариннің «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шеттеуік», «Шеше мен бала» әңгімелерін «Венн диаграммасы» арқылы салыстырыңыздар.

✓ «ПОПС формуласы» арқылы «Таза бұлақ» туралы пікірлеріңізді

білдіріңіздер.

1. Өз пікіріңді жаз;
2. Пікіріңді дәлелде;
3. Өмірмен байланыстыр;
4. Қорытынды жаз.

- ✓ Ыбырай Алтынсарин «Өтіріктің залалы», «Жаман жолдас» т.б. әңгімелерінің мәні төңірегінде кластер құрыңыздар.
- ✓ Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі құндылықтарды талдау барысында «Блум түймедағы» тәсілі арқылы қарапайым сұрақтар, анықтаушы сұрақтар, тәжірибелік сұрақтар, интерпрета-циялық сұрақтар, шығармашылық сұрақтар (болжам), бағалаушы сұрақтар (салыстыру) құрастырыңыздар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, еңбекке баулуда, ілім, білім, ғылымды игертуде және оқытуда Ыбырай Алтынсариннің ойларының заманауи құндылығы зор. Жаңартылған білім беру мазмұнының іске асуында ұлы ағартушының шығармаларындағы құндылықтар өзекті де өміршең.

Ұлы ағартушы шығармаларында адам, отбасы, Отан, тіл, руханият, білім, еңбек, табиғат құндылықтары молынан насихатталды. Сондықтан тәлім-тәрбие, таным жайында сөз қозғағанда, алдымен қазақтың тұңғыш ағартушы-ұстазы Ыбырай Алтынсарин есімі оралары сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. «Білім», 2003.-112 -бет.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар. – Алматы: Раритет, 2008. – 208б. – «Балалар әдебиетінің алтын қоры» сериясы
3. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі рухани құндылықтар. <https://www.google.com/search?q>
4. Пиаже, Ж. Речь и мышление ребенка [Текст] / Пер. с фр. и англ. – М.: Педагогика-Пресс,1999. – 347 б.
5. Курманова, А. К.Жаңартылған білім мазмұны-на сай студенттердің шығармашылығын дамытуда қолданылатын интербелсенді әдістер // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары [Мәтін]. – Көкшетау, 2017, 2 том. – Б.194
6. Ыбырай Алтынсарин мұрасы. Библиографиялық көрсеткіш Қостанай, 2016.

REFERENCES

1. Ybyrai (Ibrahim) Altynsarin. Kazak hrestomatiyas: «Bilim», 2003. – 112 b.
2. Altynsarin Y. Taza bulak: olender, angimeler, ocherkter, hattar. – Almaty: «Raritet», 2008. – 208 b. – «Balalar adebietinin altyn kory» seriyasy
3. Ybyrai Altynsarin angimelerindegi ruhani kundulyktar. <https://www.google.com/search?q>
4. Piazhe, Zh. Rech' i myshlenie rebenka [Tekst] / Per. S fr. i angl. – Moskva: Pedagogika-Press,1999. – 347 b.
5. Kurmanova, A.K. Zhanartylgan bilim mazmunyna saj studentterdin shygarmashylygyn damytuda koldanylatyn interbelsendi adister // «Kazak til biliminin ozekti maseleleri» atty halykaralyk gylymi konfereniya materialdary [Matin]. – Kokshetau, 2017, 2 tom. – B.194
6. Ybyrai Altynsarin murasu. Bibliografiyalyk korsetkish Kostanai, 2016.

Отражение ценностей в творчестве И. Алтынсарина и его обучение новым технологиям

Д.К. Кажыбаева¹, Г.К. Кажыбаева²

¹Павлодарский педагогический колледж имени Б. Ахметова, г. Павлодар, Республика Казахстан.

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

В статье рассмотрены ценности в творчестве Ыбырая Алтынсарина и роль произведения в воспитания современных детей. Размышляя о творческой натуре великого просветителя, его произведения отражают национальное наследие, труд, образование, духовность. Также

было отмечено, что важность воспитания поколения в молодом возрасте отражена в великих произведениях автора. Рассмотрено современное значение стихотворений и рассказов. Рассказы Ибрая Алтынсарина были проанализированы как качественный способ воспитания подрастающего поколения. Великий писатель оставил непреходящее, жизнеутверждающее наследие произведений, способствующих развитию сознания и знаний детей. Работы автора показывают, как обучать ценностям с помощью новых технологий. Ключевые слова. Личность, ценность, национальный идеал, технология обучения

Reflection of values in the work of I. Altynsarin and his training in new technologies

D.K. Kazhibaeva¹, G.K. Kazhibaeva²

¹ Pavlodar Pedagogical College named after B. Akhmetov, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

² Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

The article discussed the values of Ybyrai Altynsarin's works, the secret suspense of life, the place of education of modern children, and the aspects of not eliminating their importance. Reflecting on the creative nature of the great educator, his works reflect edited national heritage, labor, education, spirituality. It was noted that the importance of raising a generation at a young age is related to the great works of the Enlightenment. The modern meaning of poems and stories was considered. Ibray Altynsarin's stories were analyzed as a quality way to educate the younger generation. It was noted that the writer has left a lasting and lasting legacy of works that contribute to the consciousness and knowledge of children. The author's works show how to teach values with new technologies.

Keywords: Personality, value, national ideals, teaching technology

FTAMP 14.01.45

Б.Е.Акмагамбетова¹, Н.К.Смагулова²

¹Докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, 010000. Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0000-0002-9662-893> E-mail: bibigul1013@mail.ru

²ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000. Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0002-8822-5807> E-mail: Smaghulova13@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары мәселесі қарастырылған. Инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістердің аясында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Мақалада зерттеушілік дағды қалыптастыру жұмыстары бастауыш мектептен жақсы жолға қойылуы өте маңызды екені айқындалған. Себебі дәл осы жастағы оқушыларға белсенді, шығармашылық және өзіндік іс-әрекеті, талдау, синтездеу және олардың нәтижелерін бағалау әдістері туралы білімнің, дағдылардың негізі қалануы керек екені сараланған. Зерттеу жұмысы - бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі екендігі нақтыланған. Сондықтан оқушыларды "зерттеуші" позициясына қоятын әрекет қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жетекші орын алады. Оқу-зерттеу іс – әрекеті-бұл оқушылардың, зерттеу дағдыларын, білім алушы үшін субъективті жаңа білім мен іс-әрекет болып табылатындығы айқындалған.